

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №10 мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

24.06.2022 ж.
Сағат: 16:00

Өткізілетін түрі: *онлайн (ZOOM платформасында)*

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, ынталы жоба жетекшілері, монография авторлары.

Күн тәртібі:

1. Факультеттердің, ҒЗИ-ның 2021-2022 оқу жылындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жылдық есептері (*Факультет декандары, ҒЗИ-ның директорлары*)
2. Магистранттар мен докторанттардың МҒЗЖ, ДҒЗЖ жазу әдістемесі жайлы ғылыми семинарлары туралы мәлімет (*Жоғары білімнен кейінгі оқу бөлімінің басшысы Г.Балкибаева*)
3. Жас ғалымдар кеңесінің жылдық есебін тыңдау, бекіту (*Жас ғалымдар кеңесінің төрағасы Б.Сиздиқов*)
4. Коммерцияландыру әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстар (*Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаков*)
5. Университет ОПК-ның Халықаралық және Республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысу белсенділігі туралы (*Факультет декандары*)
6. Индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда мақала жариялау мәселесі және түсіндіру жұмыстары туралы (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*)
7. Әр түрлі мәселелер
 - 7.1. Факультеттерден келген магистрант, докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарын өзгертіп, бекітуге ұсыныстар (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
 - 7.2. Ғылым комитетінің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар жобасын бекіту (*Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиқов*).
 - 7.3. УЕ-ХҚТУ-081-2021 «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесіне» толықтырулар мен өзгерістер енгізу (*Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева*).
 - 7.4. №0119РКИ0360 «Қызылқұм – Сырдария аймағындағы өсімдіктер алуантүрлілігінің сипаты және олардың генофондын сақтаудың инновациялық технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы ынталы жобасының қорытынды есебін бекіту (*жетекшісі PhD, доцент м.а. Тойжигитова Б.Б.*)
 - 7.5. 2022-2025 жылдарға арналған ынталы ғылыми-зерттеу бағыты бойынша «ХҚТУ Ботаникалық бағындағы жеміс және сәндік ағаштардың генофондын сақтау мен көбейту жолдарын жетілдіру» тақырыбын ҰМҒТСО-на тіркеу үшін ұсыну (*жетекшісі PhD Салыбекова Н.*)

7.6. №0121РКИ0104 «Қазақстан қоғамының трансформациялық даму жағдайындағы рухани-адамгершілік басымдықтары мен үрдістері» атты ынталы бағыттың 1-аралық есебін бекіту (*жетекшісі филол.ғ.к., профессор м.а. А.Ж. Малдыбек*).

7.7. Монографияларды Сенатқа ұсыну:

7.7.1. Стоматология факультеті «Зертханалық пәндер» кафедрасының х.ғ.к., доценті А.Мамырбекованың «Producing metal oxides by electrolysis under non-stationary conditions» атты монографиясы. *Рецензенттері*: Джумадуллаева С.А., х.ғ.к., профессор, Ахмет Ясауи университеті; Надиров К.С., х.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ; Калугин С.Н., х.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

7.7.2. «Білім технологиялары» кафедрасы п.ғ.д., доцент Б.Т.Ортаев пен PhD, доцент м.а. Г.Т.Абдуллинаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық даярлығын қалыптастыру» атты монографиясы. *Рецензенттері*: Куралбаева А., PhD, доцент, Ахмет Ясауи университеті; Жолдасбекова С., п.ғ.д., профессор, М.Әуезов ат. ОҚУ; Байбатшаева А.Е., п.ғ.к., доцент, ОҚМПУ.

7.7.3. Филология факультеті «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының PhD, қауым. профессор м.а. А. Мейрбековтің «Phonosemantic characteristics of Kazakh toronums» атты монографиясы. *Рецензенттері*: Исаева Ж., ф.ғ.к., қауым. профессор, Ахмет Ясауи университеті; Боранбаев С.Р., ф.ғ.д., қауым. профессор, М.Әуезов атындағы ОҚУ; Рысберген Қ.Қ., ф.ғ.д., профессор, А.Байтұрсынов атындағы тіл білімі институты.

7.7.4. «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, PhD М.Исаевтың «Training future history teachers for teaching values» (Болашақ тарих мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлау) атты монографиясы. *Рецензенттері*: Тұрсұн Х., т.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті; Батырбекқызы Г., PhD, М.Әуезов атындағы ОҚУ; Алдабергенова М.К., PhD, доцент м.а., ОҚМПУ.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. Факультеттердің, ҒЗИ-ның 2021-2022 оқу жылындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жылдық есептері 27.06.2022 ж. сағат 11:00-ге дейін Ғылыми зерттеулер бөліміне жоспардың орындалмау себептері көрсетіле отырып өткізілсін.
2. Магистранттар мен докторанттардың МҒЗЖ, ДҒЗЖ жазу әдістемесі жайлы ғылыми семинарларына қатысты төмендегі шешімдер орындалсын:
 - 2.1. 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде ұйымдастырылған ғылыми семинарлар нәтижелері факультеттер деңгейінде талқыланып талдау жасалынсын;
 - 2.2. Магистрант/докторанттардың ғылыми зерттеу жұмыстарының бағаларының Платонус жүйесінде қойылуы бөлім тарапынан тексеріліп, қадағалансын;
 - 2.3. Магистранттар мен докторанттардың МҒЗЖ, ДҒЗЖ жазу әдістемесі жайлы ғылыми семинарлары туралы мәліметі назарға алынсын;
 - 2.4. Жазғы семестрде ақылы негізде игерген магистранттар мен докторанттардың МҒЗЖ, ДҒЗЖ жұмыстары StrikePlagiarism.com базасында қайта тексеріліп, ғылыми семинарлар ұйымдастырылсын.
3. Жас ғалымдар кеңесінің жылдық есебі қабылдансын.
4. Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаковтың коммерцияландыру әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстар жайлы есебі назарға алынсын.
5. Факультет декандарының университет ОПҚ-ның Халықаралық және Республикалық деңгейдегі конкурстарға қатысу белсенділігі туралы мәліметтері назарға алынсын.

6. Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаеваның индекстелетін халықаралық рейтингтік журналдарда мақала жариялау мәселесі және түсіндіру жұмыстары туралы мәліметі назарға алынсын.

7. Әр түрлі мәселелер

7.1. Магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сенат мәжілісіне ұсыныстар берілсін:

7.1.1. Докторанттардың 30.10.2019 ж. №СБ-147, 20.12.2019 ж. №СБ-222 санды бұйрығымен бекітілген диссертациялық тақырыптарына өзгерістер енгізу.

7.1.2. Докторанттың 12.05.2017 ж. №СБ-336 санды бұйрығымен бекітілген диссертациялық тақырыбына және ғылыми жетекшісіне өзгерістер енгізу.

7.2. Ғылым комитетінің 2022-2023 оқу жылына арналған жоспар жобасы ҒК мүшелеріне танысу үшін таратылсын.

7.3. УЕ-ХҚТУ-081-2021 «Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі» толықтырулар және өзгерістерімен бекіту үшін Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

7.4. №0119РКИ0360 «Қызылқұм – Сырдария аймағындағы өсімдіктер алуантүрлілігінің сипаты және олардың генофондын сақтаудың инновациялық технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы ынталы жобаның қорытынды есебі бекітілсін.

7.5. 2022-2025 жылдарға арналған ынталы ғылыми-зерттеу бағыты бойынша «ХҚТУ Ботаникалық бағындағы жеміс және сәндік ағаштардың генофондын сақтау мен көбейту жолдарын жетілдіру» тақырыбы ҰМҒТСО-на тіркеу үшін ұсынылсын.

7.6. №0121РКИ0104 «Қазақстан қоғамының трансформациялық даму жағдайындағы рухани-адамгершілік басымдықтары мен үрдістері» атты ынталы бағыттың 1-аралық есебі бекітілсін.

7.7. Төмендегі монографиялар бойынша келесі шешімдер қабылданын:

7.7.1. Стоматология факультеті «Зертханалық пәндер» кафедрасының х.ғ.к., доценті А.Мамырбекованың «Producing metal oxides by electrolysis under non-stationary conditions» атты монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

7.7.2. «Білім технологиялары» кафедрасы п.ғ.д., доцент Б.Т.Ортаев пен PhD, доцент м.а. Г.Т.Абдуллинаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің технологиялық даярлығын қалыптастыру» атты монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

7.7.3. Филология факультеті «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының PhD, қауым. профессор м.а. А. Мейрбековтің «Phonosemantic characteristics of Kazakh toponyms» атты монографиясы ҒК мүшелері тарапынан берілген ұсыныстар және ескертулерді ескере отырып және басқа рецензенттердің пікірімен келесі мәжіліске қайта ұсынылсын.

7.7.4. «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, PhD М.Исаевтың «Training future history teachers for teaching values» (Болашақ тарих мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлау) атты монографиясы басқа рецензенттердің пікірімен келесі ҒК мәжілісіне қайта ұсынылсын.

Ғылым комитетінің төрағасы:

Мәжіліс хатшысы:



А.Ошибаева



Ж.Ахметова